

**«Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
№7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**



**№7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Қаракөл ауылы, шілде 2025 жыл

**«Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№7 Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын *(бұдан әрі – Заң)*, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып *(бұдан әрі – Бағалау критерийлері)*, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2024 жылғы 23 қазандағы бұйрығымен бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2023 жылғы 27 маусым күнгі №1 бұйрығы негізінде 30 маусым – 31 шілде күндері аралығында №7 «Айгөлек» бөбекжай – бақшасы өзін – өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі аттестаттау комиссиясы бөбекжай - бақшаның 27.06.2025 жылғы №47 бұйрығымен бекітілгендей төмендегі құрамда өткізілді:

- 1) Ерниязова Сауле Захарьевна, меңгерушісі – комиссия төрағасы;
- 2) Шиндагулова Айжан Бисембековна, әдіскер – комиссия мүшесі;
- 3) Рахметова Асия Мухамбетовна, тәрбиеші – комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау критерийлеріне сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін – өзі бағалаудың мақсаты: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

**«Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
№7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	“Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің №7 “Айгөлек” бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округі, Қаракөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 20 құрылыс
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web сайт)	+77055720258, erniyazova_70@mail.ru
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	№7«Айгөлек» бөбекжай - бақшасы менгерушісі Ерниязова Сауле Захарьевна ұялы телефоны, +77055720258 Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2008 жылғы 04 қаңтардағы №3 бұйрығы.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі коса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 18 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 04.09.2012 жыл, БСН:080740001949 Менгерушісі: Ерниязова Сауле Захарьевна
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама 29.01.2021 жылы №KZ71RVK00030443 берілген.
7	Құрылған жылы	2008 жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты
9	Топтар саны	1 топ (түрлі жас тобы)
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: II ауысым
13	Жасына қарай топтар	Түрлі жас тобы
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Бөбекжай - бақша орны 25 балаға арналған 27.04.2016 жылы № D.08.X.KZ07VBS000027556 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9.ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМУНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР

9.1. оқу жұмыс жоспарларымен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – **ҮОЖ**) талаптарына сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін бөбекжай - бақшаның 2022 - 2023, 2023 - 2024, 2024 - 2025 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарларын талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей бөбекжай - бақшаның жылдық оқу жоспары, барлық топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспар және циклограммалар бекітіліп талдауға ұсынылған.

Бөбекжай - бақшаның 2022 - 2023, 2023 - 2024, 2024 - 2025 оқу жылдарына бекітілген жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» (бұдан әрі - *Стандарт*) 2-тарау 4-тармағы 3)тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» сәйкес бөбекжай - бақшаның жұмыс оқу жоспары бөбекжай - бақша меңгерушісімен бекітіліп, ресми сайтқа орналастырылған.

ҚР БҒМ –нің қолданыстағы 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 өзгерістерімен) 2 - қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» ортаңғы және ересек топтарына негізге алып, жасалынған. Жұмыс оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары құрылған.

Бөбекжай - бақшаның 2022 – 2023 оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспарында

2022 - 2023 оқу жылы 1 топ – 2,3 және 4 жастағы балалардан құралған әртүрлі жас тобы жұмыс жасады:

1) «Балапан» әртүрлі жас тобының кіші жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Музыка» - аптасына 1 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сенсорика», «Музыка» іс-әрекеттері күн сайын жоспарланған.

2) «Балапан» әртүрлі жас тобының ортаңғы жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

3) «Балапан» әртүрлі жас тобының ересек жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

Бөбекжай - бақшаның 2023 – 2024 оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспарында 1 топ – 2, 3 және 4 жастағы балалардан құралған әртүрлі жас тобы жұмыс жасады:

1) «Балапан» әртүрлі жас тобының кіші жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Музыка» - аптасына 1 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сенсорика», «Музыка» іс-әрекеттері күн сайын жоспарланған.

2) «Балапан» әртүрлі жас тобының ортаңғы жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

3) «Балапан» әртүрлі жас тобының ересек жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

Бөбекжай - бақшаның ағымдағы 2024 – 2025 оқу жылына бекітілген 1 топ – 2,3 және 4 жастағы балалардан құралған әртүрлі жас тобы жұмыс жасады:

1) «Балапан» әртүрлі жас тобының кіші жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Музыка» - аптасына 1 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сенсорика», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

2) «Балапан» әртүрлі жас тобының ортаңғы жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

3) «Балапан» әртүрлі жас тобының ересек жасы:

Ұйымдастырылған іс - әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» - аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - аптасына 1 рет, «Музыка» - аптасына 2 рет, «Дене шынықтыру», «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру», «Музыка» іс - әрекеттері күн сайын жоспарланған.

Бөбекжай - бақшаның жұмыс оқу жоспары мен ұйымдастырылған іс әрекет кестесі Стандарттың талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – қосымшасының 2 – тарауының 4 – тармағының 3 – тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

9.2. білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Бөбекжай бөбекжай - бакшаның 2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылдарының және ағымдағы 2024 - 2025 оқу жылының перспективалық жоспарлары мен тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммаларына, пән мұғалімдерінің дене тәрбиесі нұсқаушысы жалпы тәрбиешілердің топта жүргізілетін циклограммасына коса жазылған.

2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылы мен ағымдағы 2024 - 2025 оқу жылында топтардың перспективалық жоспарлары және білім беру процесінің апталық циклограммалары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат бойынша жасалып, ресми сайтқа жүктелген.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 1, 2-қосымшаларында көрсетілген Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары, перспективалық жоспар басшылыққа алынған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 4-тармақ, 4 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келеді.

9.3. Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижелері:

1. Кадрлық құрамға талдау.

2024-2025 оқу жылында №7 «Айгөлек» бөбекжай - бакшаның 1 топ – 2,3 және 4 жастағы балалардан құралған әртүрлі жас тобы жұмыс жасады.

№7 «Айгөлек» бөбекжай-бакшасында 2022 – 2023 оқу жылында – 5, 2023 – 2024 оқу жылында – 5, 2024-2025 оқу жылында – 5 педагог жұмыс жасады.

№7 «Айгөлек» бөбекжай-бакшасы өзін-өзі бағалау анықтамасына және әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес кесте бойынша ұсынылған (меңгерушісі – 1, тәрбиешілер – 2, әдіскер – 1, педагог-психолог – 1).

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Оның ішінде, мектепке дейінгі	Арнаулы орта білімді	Оның ішінде, мектепке дейінгі	Педагогикалық білімі жоқ
-------------	-------------------	----------------	-------------------------------	----------------------	-------------------------------	--------------------------

			жоғары білімді		арнаулы орта білімді	
2022 - 2023	5	3	1	2	2	0
2023 - 2024	5	4	1	1	2	0
2024 - 2025	5	3	1	2	2	0

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерімен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы музыка жетекшілері лауазымының штат бірліктері 2 жастағы және одан ересек балалардың әрбір тобына лауазымның 025 штат бірлігі есебінен белгіленеді делінген. Алайда штаттық кестеде 025 штат бірлігіндегі музыка жетекшісі қарастырылмаған. Осыған орай, Мұғалжар аудандық білім бөліміне сұраныс берілгені туралы хабарлаймын. Қосымша сұраныс жалғанады.

Педагогтардың біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	"Назарбаев зияткерлік мектептері" педагогикалық шеберлік орталығы	«Өркен» балалардың әл - ауқатын арттыру ұлттық ғылыми - практикалық институты	«Балаларды ерте дамыту Институты»
2022 - 2023	5		1		
2023 - 2024	5	2			
2024 - 2025	5	2			1

Осылайша, бөбекжай-бақша педагогтарының барлығы 100 % біліктілігін арттыру курстарынан өткен.

Бағалау: Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтарының үлесі – 100 %.

Педагогтардың біліктілік санаттары туралы мәлімет

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі кйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыру (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай, №7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасының педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстанған: Өзін-өзі бағалау анықтамасы бойынша және әдістемелік ұсынымдардың 2-қосымшасына сәйкес берілген мәлімет бойынша:

Оқу жылы	Барлық педагог саны	Жоғары санат	I санат	Басшы- ұйымдастырушы	Педагог - шебер	Педагог - зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор	Педагог	Сапалық құрамы, %
2022 - 2023	5							4		80,0

2023 - 2024	5						4		80,0
2024 - 2025	5			1			4		100,0

Қорытынды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшаның 2 – тарау, 24 тармағына сәйкес педагогтар біліктілік санатының деңгейін арттырып тұрады.

2024 – 2025 оқу жылында бөбекжай-бақшада 5 педагог қызмет етеді, оның 3-уі жоғары педагогикалық (66,7 %), 2 педагогтың арнаулы орта білімдері бар.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде №7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында базалық білімі жоқ педагогтар анықталмады.

Мектепке дейінгі педагог – қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары кестесіне сәйкес жасалған және бөбекжай - бақша әкімшілігімен бекітілген.

Санаты жоқ – 0

Медициналық тексеруден өткені туралы:

Білім беру ұйымы 2 қосымшаға сәйкес педагогтардың медициналық тексеруден өтуі туралы мәліметке сәйкес, Қағиданың 2 тарауының 25 – тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді» талабы толықтай орындалған.

Атап айтар болсақ,

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)
1	Ерниязова Сауле Захарьевна	26.03.2026
2	Рахметова Асия Мухамбетовна	18.03.2026
3	Жумагалиева Багдагуль Каиржановна	22.06.2025
4	Шиндагулова Айжан Бисембековна	19.12.2025
5	Асылбекова Гулсезим Сабырбековна	14.09.2025

2) Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету. Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» - деп көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымы жабдықтар мен жиһаздармен толықтай қамтамасыз етілген. Бұл Қағиданың 1 тарауының 9 тармағы талабына сәйкес.

“Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің №7 “Айгөлек” бөбекжай-бақшасы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығын басшылыққа ала отырып білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жасақтандырылған және әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушінің уақытша міндетін атқарушы тарапынан бекітілген мәліметтері ұсынылған. Аталған мәлімет бойынша бөбекжай-бақшада жабдықтармен және жиһазбен жеткілікті деңгейде жабдықталғаны анықталды. №7 “Айгөлек” бөбекжай-бақшасы бір қабатты ғимаратында 1 әртүрлі жас топ қарастырылған. Топта ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, балаларды қабылдау бөлмесі, жуынатын бөлме бар. Барлық бөлмелер қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топ бөлмесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші, әдіскер кабинеті бар, талапқа сай жабдықталған. Медбике кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған. *(Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер бөбекжай бақшаның сайтына әдістемелік ұсынымның 4-қосымшасына сәйкес сканерлеп жүктелді).*

Бөбекжай-бақшадағы сауықтыру, профилактикалық жұмыс медбикенің жетекшілігімен медициналық талаптардың нормасына байланысты жүргізілуде. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары бойынша нұсқаулықтар, күнделікті санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау жұмыстары, дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жетілдіру жұмыстары, емделу алдын - ала және сауықтыру іс-шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары бөбекжай-бақша және де медбикенің жұмыс жоспарына сай. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал - жабдықтармен қамтамасыз етілген:

- Медициналық шкаф - 1
- Жылжымалы кварц – 1;
- Бой өлшегіш - 1;
- Салмақ өлшейтін таразы – 1;
- Тонометр – 1;
- Кушетка – 1;
- Бесконтактный термометр – 1;
- Тоңазытқыш – 1;
- Ширма – 1;
- Жазу үстелі – 1;
- Құжаттар салуға арналған шкаф – 1;

Бөбекжай-бақша медбикесінде 17 түрлі журналдар бар барлығы тігіліп, номерленген. Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру бөбекжай-бақшаның медбикесі бақылауымен жүргізіледі. Бөбекжай-бақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыш, тамақ пісіретін пеш, шаңсорғыш т.б. жабдықталған. Төсек – орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар топта жеткілікті. Үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Топ ойыншықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Топта ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай жасақталған. Тәртіп пен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда.

Бөбекжай-бақшаның барлық бөлмелері жиһаздармен, ойыншықтармен жабдықталған. Топта тәрбие мен оқыту процесін мемлекеттік стандарт пен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сай балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру күн тәртібіне сәйкес, ойын түрінде жүзеге асыру үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып заттық – дамытушы орталар құрылған.

Физикалық дағдыларды дамыту:

Физикалық дамыту аймағы бойынша сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Стандартқа сай үрмелі доптар, қысқы спорттық құралдар (далаға арналған машиналар, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, құрсаулар, жалаушалар, үлкен, кіші доптар, секіргіштер, доғалар, т.б) қимылды ойындар құралдары жинақталған. Топта да денсаулық бұрышы массажды кілемшелермен, үрмелі доптар, кеглилер, құм қалташалары, допты лақтыруға арналған себеттермен, балалар шеңберлерімен, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жабдықталды. Спорт зал мен музыка залы қарастырылмаған.



Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша топта қуыршақ көлеңке, үстел үсті, саусак, жас ерекшеліктеріне сай сюжетті - рольді (құрылысшы, тігінші, аурухана, шаштараз, дүкенші, отбасы, дәріхана) ойындары бар. Балаларға арналған ертегілер де жинақталған. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайтуға арналған лепбуктар (табиғат, үй жануарлары, жабайы аңдар, жемістер мен көкөністер, гүлдер, жиһаз, т.б. тақырыптарда) үстел үсті ойындар жинақталған. Сонымен қатар топта мобильді кітапханалар бұрышы жасалған, балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған 44 көркем әдебиетпен, 35 аудио ертегілермен қамтамасыз етілген. Бөбекжай бақшада-көлеңке театры, қолғап театры, маска театры, қуыршақ театры жасалған.






Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Танымдық, және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған түрлі сенсорикалық ойындар, құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, конструкторлар, пазлдар Асық терапияның элементтері, сенсорлы үйшіктер, мозайкалар, балалардың жас ерекшеліктеріне сай зерттеу жұмыстарына арналған (түрлі көлемдегі ыдыстар, тастар, түрлі-түсті құм, балалар үшін саз балшық өңдеуге арналған заманауи құрылғы, магнитті құрастырғыштар т.б.) құралдар мен ойын түрлері толықтырылып жинақталған.







Шығармашылық дағдылардың, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:

«Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы аспаптар, барабан, сылдырмақ, қоңыраулар, үшбұрыш, гофра ойыншықтары, ысқырғыш құстар, металофон), үрмелі аспаптар, театрланған қойылым атрибуттары, маскалар, көрнекіліктер эстетикалық талғамда жасалып жинақталған, ал топтарда бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тындауға арналған аудио құралдарымен жабдықталған. Шығармашылық жұмыс құралдары балаларға қол жетімді жерде орналасқан.



Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтасыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға арналған топта «Ұлттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Театр бұрыштары», «Жол қауіпсіздік ережесі» деген бұрыштары бар.





Бөбекжай-бақшада үстел үсті, дамытушы ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамытып, қоршаған орта мен құрдастарының арасында өзін еркін сезінуге сюжетті - рольді, еркін ойындар да қарастырылған. Балалар қауіпсіздігі әрдайым басты назарда. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы» ҚР ПМ 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 мен ҚР ҰҚК 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51 /ке бірлескен бұйрығы негізінде, №7 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бөбекжай-бақшада 1 ішкі және 2 сыртқы бейнебақылаумен қамтылған. Бейнебақылау камераларына қызмет көрсету үшін 2025 жылдың 30 қаңтар күні мемлекеттік сатып алудың №2 келісім шарт ИП «Мамбетжанов Нұрлан Кинесжанович» Жарғы негізінде әрекет ететін басшысы Мамбетжанов Нұрлан Кинесжановичпен жасалды. Мекемеде барлығы 3 цифрлы бейнекамералары жұмыс жасайды. Камералардың сақтау мерзімдері 30 күндік. Монитор меңгеруші кабинетінде орналасқан. Жарғы негізінде әрекет ететін басшысының Мамбетжанов Нұрлан Кинесжанович жұмыс жасайтын кәсіпкер тарапынан тоқсан сайын немесе қажет болған жағдайда бақылау жүргізіліп отыр. Істен шыққан немесе ақау білінген бейнебақылау камералары қазіргі таңда анықталған жоқ.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 30.07.2024 ж. № 194 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы өңірлік жоспарына сай бөбекжай-бақшада «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жоспары құрылып, сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, бөбекжай-бақшада 2024-2025 оқу жылында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыс жасайды.





Бағалау: Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 70 бұйрығына (нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жасақталуы = 80 %.

3) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау

Бөбекжай-бақшада 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білім алатын тәрбиеленушілер болған жоқ. Қосымша анықтамасы жалғанды.

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу – әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес ұсынылған.

№7 «Айгөлек» бөбекжай – бақшасы тобында оқу – әдістемелік кешендермен толықтай қамтылған. Бөбекжай - бақша оқу – әдістемелік кешендермен қамтылуы туралы әдістемелік ұсынымдарға арналған 5 – қосымшаға сәйкес мәліметтер ұсынылды.

